

Тәрбие сағаты: ЖИТС – ХХІ ғасыр дерті.

22-26.11.2021 жылы педагог-психолог Маймескулова О. А. және әлеуметтік педагог Жумабаева Ы.С., 8-11 сынып оқушылар арасында АИТВ/ЖИТС мәселесі бойынша білім деңгейін арттыру мақсатында ЖИТС – ХХІ ғасыр дерті тақырыбында профилактикалық дәріс өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға ЖИТС-ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды әдеттен барынша аулақ болуға шақыру. ЖИТС-ның адам өміріне зиянды әсерін аша отырып, олардың сана – сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір суруге азаматты жауапкершілітерін орнықтыру.

8-11 сыныптардан 134 оқушы қатысты.

Міндеттері: АИТВ /ЖИТС-ның шынайы қауіптілігін түсіну; логикалық, сыни ойлауды дамыту; салауатты өмір салтына деген қажеттілікті тәрбиелеу. Оқушылармен әңгімелесу барысында АИТВ/ЖИТС инфекциясының берілу жолдары талқыланды. АИТВ инфекциясынан қорғау тәсілдері, сондай-ақ АИТВ жұқтырудың алдын алу ережелері.





